

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.


Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023


© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Дене мүшелерін оқыңыз, есте сақтаңыз.



АДАМНЫҢ ІШ ҚҰРЫЛЫСЫ



145



2. Үлгінің көмегімен жазыңыз

Менің	тіс+ <u>ім</u>	} ауырып тұр.
	көз+___	
	бел+___	
	жүрек+___	
	бүйрек+___	
	аяқ+___	
	бас+___	

Балам+ның	тіс+ <u>і</u>	} ауырып тұр.
	көз+___	
	бел+___	
	жүрек+___	
	бүйрек+___	
	аяқ+___	
	бас+___	

Сіздің	тіс+ <u>іңіз</u>	} ауырып тұр ма?
	көз+___	
	бел+___	
	жүрек+___	
	бүйрек+___	
	аяқ+___	
	бас+___	

Сенің	тіс+ <u>ің</u>	} ауырып тұр ма?
	көз+___	
	бел+___	
	жүрек+___	
	бүйрек+___	
	аяқ+___	
	бас+___	



3. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

- Қайырлы күн!
- Сәлеметсіз бе! Айта _____.
- Мен сағат 15.00-ге _____.
- Иә, 418-кабинетке _____.
- Кіруге бола ма?
- _____.
- Қандай шағымыңыз бар?
- Менің көзім алыстан _____.
- Қазір көзіңізді _____.
- Тақтадан _____ . Қандай әріптер тұр.
- М, н, ш, с.
- Жақсы, тағы _____.
- М, н, ш, с.
- Сіздің көзіңіз -2,5. Қазір көзілдірікке рецепт беремін.
- Жақсы, рақмет.
- _____.



4. Сұқбаттың көмегімен ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

№	Ақпарат	дұрыс (+)	бұрыс (-)	Мәтінде жоқ ақпарат
1	Мен сағат 15.00-ге жазылдым.			
2	Менің көзім жақыннан көрмейді.			
3	Иә, 418-кабинетке өтіңіз.			
4	Сіздің көзіңіз -3,5.			
5	Көзім ауырады.			
6	Дене қызуым бар.			
7	Көзіме тамызғы беріңізші.			
8	Көзім жасаурайды.			



5. Тыңдаңыз, тиісті сөздерді жазыңыз.

Балаңыздың _____ ауырып тұр ма?
 Сіздің _____ ауырып тұр ма?
 Оның _____ ауырып тұр.
 Менің _____ ауырып тұр.
 Сенің _____ ауырып тұр ма?
 Оның _____ ауырып тұр ма?
 Әжеңіздің _____ ауырып тұр ма?
 Қызының _____ ауырып тұр.



6. Ақпаратты оқыңыз.

Тіс дәрігерінен кеңес

- Таңертең және кешке тісіңізді жуыңыз;
- Тамақтан кейін аузыңызды шайыңыз;
- Тіс щеткасын 2 айда бір рет ауыстырыңыз;
- Жиі жеміс-жидектер мен көкөністерді жеңіз.
- Сағызды 10 минуттан артық шайнамаңыз;
- Айына бір рет тіс дәрігеріне қаралыңыз.



7. Мәтіннің көмегімен сәйкестендіріңіз.

Таңертең және кешке тісіңізді _____ қаралыңыз.
 Тамақтан кейін аузыңызды _____ шайнамаңыз;
 Тіс щеткасын 2 айда бір рет _____ ауыстырыңыз;
 Сағызды 10 минуттан артық _____ тазалаңыз;
 Айына бір рет тіс дәрігеріне _____ жеңіз.
 Жиі жеміс-жидектер мен көкөністерді _____ шайыңыз;



8. Тыңдаңыз, жазыңыз.

- Таңертең тісіңізді _____?
- Тамақтан кейін аузыңызды _____?
- Тіс щеткасын _____?
- Жеміс-жидектер _____?
- Сағыз _____?
- Тіс дәрігеріне _____?



10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Қалай ауырды? Қай жеріңіз ауырады? Қай жеріңіз ауырып тұр?



түшкір+ді+м
түшкір+е+мін
түшкір+іп жүрмін



жөтел+_____



басым ауыр+_____



қалтыра+_____



ішім бүр+_____



ыстығым көтеріл+_____



жүрегім айны+_____



тамағым ауыр+_____



11. Сұқбатты оқыңыз.

А)

- Айнұр, қалыңыз қалай? Бүгін жаттығуға Әсем келмейді.
- Неге?
- Әсемнің ыстығы көтеріліп жатыр, басы ауырып тұр, кеше жөтеліп жүрген.
- Қап, ауырмаңыздар. Лимон қосылған шай беріңіз.
- Қазір дәріханадан ұнтақ, дәрі, дәрумен сатып аламын.
- Жақсы, онда, сау болыңыздар.

Ә)

- Сіздерде жөтелге қарсы дәрі бар ма?
- Иә, бар.
- Сосын маған 1 дәке мен мақта, 5 дана ұнтақ, қызуөлшегіш беріңізші.
- Қызуөлшегіш жоқ.
- Жарайды, барлығы қанша?
- Барлығы – 1685 теңге.
- Картамен төлеймін.
- Жақсы, ем болсын.

147



12. Сұқбаттың көмегімен ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

№	Ақпарат	иә/жоқ
1	Әсемнің ыстығы көтеріліп жатыр.	
2	Бүгін жаттығуға Әсем келмейді.	
3	Айнұр лимон қосылған шай ішті.	
4	Дәріханадан ұнтақ, дәрі, дәрумен сатып алды.	
5	Дәріханадан қызуөлшегіш алды.	
6	Барлығы – 1685 теңге болды. Картамен төледі.	